

Басқа әлеуметтік институттармен серіктестік

Өрт сөндіру бөлімшесімен байланыс

«Балдәурен» бөбекжай – балабақшасының меңгеушісі Г. Жанибекова және өрт сөндіру қызметіне жауапты маман Р. Жылысбаева жыл бойында өрт сөндіру бөлімшесімен байланыс орнатып отырды. Өр жылдың тамыз айында балабақшаның хал – ахуалын тексеріп жаңа оқу жылына дайындығын тексеріп АКТ түзеді. Сондай – ақ, өздерінің жылдық жоспарларына сай балабақшаға келіп тексеру жұмыстарын жасайды.

Жедел – құтқару қызметтеріне оңай жатталып, тез терілетін телефон номерлері берілген. Солардың ішінде өрт сөндіру қызметі **«101» (бұрынғы «01»)** болып бірінші тұр. Бұл демде лаулап, дес бермей кететін қызыл жалынның қауіптілігін ғана емес, өмірі өрт өтінде жүретін жандардың жұмысы қаншалықты қиын екендігін де айғактаса керек. Ғаламдағы ең қауіпті мамандықтардың бірі – өрт сөндіруші қызметі. Нағыз ер азаматтарға тән мамандық жүректілік пен батылдықты талап етеді. Күнде өлім мен өмірдің арасында арпалысып жүрген батырлардың құрал-саймандары сақадай сай, дайындықтары жоғары болуы керек. Себебі, бұл іс сәл мүлт кетуді кешірмеуі мүмкін. Өрт сөндіруші мамандығы – өте маңызды және қауіпті. Өрттерді шебер әрі тез сөндіру үшін, ержүрек адам болу кемшілік етеді, өрт қауіпсіздігі ережелерін, өрт сөндіру техникасын және отпен күресу амалдарын білу қажет. Өрт сөндіруші епті әрі күшті болуы міндет. Ол үшін олар спортпен шұғылдануға үлкен назар аударады, жаттығу барысында өрт сөндіруде қолданылатын арнайы тәсілдер мен жаттығуларды шынықтырады. Өрт сөндірушілер әр минут сайын өз өмірлерін тәуекел етеді, өзіне қауіп төндіреді. Құтқарушы мамандығында қызмет атқаратын қызметкер міндетті түрде ер жүректі, төзімді, физикалық тұрғыдан дайын, сонымен қатар теориялық білімі мен өртпен күресуде практикалық дағдысы болуы керек. Өрт сөндіруші нағыз ерлердің мамандығы саналады. Үміткер азаматтарға қойылатын талап та жоғары. Қызметке жасы 18-32 жас аралығындағы тепсе темір үзетін, денсаулығында ешқандай кінәраты жоқ жастар алынады. Нағыз өрт сөндіруші шаршауды әрі «қолымнан келмейді» деген сөзді білмейді. Тәуліктің кез-келген уақытында, тіпті, аптап ыстық пен қақаған аязда ол отқа да, суға да түседі. Осылайша, жүктелген жауапкершілікті арқалаған жандар үшін құтқару, көмектесу деген мақсат күн сайын бірінші орында тұрады. Өрт сөндірушінің жұмысы оңай емес. Олардың қызметі әлемдегі ең ауыр, күрделі мамандықтардың бірінен саналады. Лауазымдарының өрт сөндіруші-құтқарушы болып өзгеруі де тегін емес. Олардың жұмысы ерлікпен пара-пар. Өз өмірін қауіп-қатерге тіге жүріп, өзгенің өмірін арашалап қалатын жандар қызыл жалын тұтанған сайын ерлік жасайды. Өрт сөндіруші сөзі абырой, батырлық, өжеттілік сөздерімен қатар естіледі.

Иә, өрт сөндіру сынды жауапты да қатерлі жұмыстарында жүрген

ұжым мүшелерінің еңбегі қай жактан болса да құрметке лайық. Халық «Өрт- тілсіз жау» деп тегін айтпаған. 19 қазан - Құтқарушылар күні ретінде өрт сөндіру мамандарының кәсіби күні болып белгіленген. Бірі білсе, бірі білмейтін бұл атаулы күннің маңыздылығы зор. Өмір мен өлімнің арасында жүріп, ел үшін ерен еңбек сіңіріп жүрген азаматтар мақтан етуге тұрарлық.

Өрт кезінде ұйым қызметкерлерінің әрекет ету тәртібі

1. Өрт болған жағдайда кәсіпорынның әрбір қызметкерінің негізгі міндеті адам өмірін құтқару болып табылады.
2. Жанудың, түтіннің иісін және жанудың басқа да белгілерін тапқан кез келген әр адам:
 - барлық қызметкерлерді, ең алдымен ұйым басшылығын, сондай-ақ күзет қызметкерлерін дереу хабардар етуі керек (қол өрт хабарлағыштарын немесе дабыл түймесін пайдалануға болады);
 - бұл туралы өрттің нақты мекен-жайы мен орны көрсетіле отырып, **101** телефоны немесе **112** ұялы телефоны арқылы өрт сөндіру бөліміне дереу хабарлауға, сондай-ақ өз аты-жөніңізді, объектіге кіру тәртібі туралы хабарлау және өрт диспетчерінің ықтимал сұрақтарына жауап беруі керек;Залдағы адамдарға ескерту үшін қолмен өрт хабарламасын беру құралын пайдаланып ескерту жүйесін қосу;
2. Қалыптасқан жағдайды ескере отырып, адамдарды қауіпсіз аймаққа мүмкіндігінше тезірек көшіруді қамтамасыз етіп, қауіпсіз эвакуациялау жолдары мен шығуларын анықтау қажет.
3. Адамдардың өміріне қауіп төнген жағдайда авариялық шығу есіктерін пайдалана отырып, жедел эвакуациялау және дүрбелеңнің алдын алу бойынша дереу шаралар қолдануға;
4. Тізімдерге сәйкес ғимараттан эвакуацияланған қызметкерлерді тексеру;
5. өрт сөндіру бөлімшелерінің қарсы алу үшін кірме жолдардың орналасқан жерін білетін және өртке қарсы ең қысқа жолды таңдауға көмек тесетін адамды анықтау;
6. Қажет болған жағдайда медицина және басқа да қызметтерді шақыру;
7. Қажет болған жағдайда ағынды-сорғылы желдеткішін, электрмен жабдықтауды ажырату бойынша шараларын қабылдау, сондай-ақ кәсіпорынның техникалық персоналын ғимарат үй-жайларында өрт пен түтіннің дамуының алдын-алу бойынша шараларға тарту;
8. Өртті сөндіруге қатыспайтын қызметкерлер немесе күзетшілер қатарынан өрт болған ғимаратқа басқа адамдардың кіру мүмкіндігін болдырмау үшін ғимараттың шыға берісіндегі қауіпсіздік бекеттерін ұйымдастыру және орнату;

9. Мына ережелерді қатан сақтай отырып, өрт сөндіру жасағы келгенге дейін алғашқы өрт сөндіру құралдарының (өрт сөндіргіштер, киіз) және басқа да қолда бар құралдардың (суымен шелектер, бөтелкелер, гүл қазаншұңқырынан жер) көмегімен өртті сөндіру бойынша ықтимал шаралар қабылдау қажет:

– өрт сөндіруге қатысушы адамдарды құрылыстың құлауы, электр тоғымен зақымдануы, улану, күйюі мүмкін аймақтан эвакуациялануы және қорғалу қамтамсыз етілген болуы керек

– өрт сөндіргішті электр қуаты бар қондырғысына 1 метрден жақындатпаңыз;

– тез тұтанатын сұйықтықтарды, кернеуде тұрған электр желілерін су сөндіруге болмайды

– киімі өртенген жағдайда адамды тез арада еденге жығып, жанғыш киімге су құяды (қыста қар лақтыру керек). Егер су болмаса, зардап шегушіні тығыз матаға, пальтоға, киізге орап, тыныс алу жолдары күйіп қалмауы үшін және уытты жану өнімдерімен уланып қалмауы үшін басын ашық қалдыру қажет. Қалай болғанда жағдайда да, оған жүтуге жол бермеу қажет, себебі ол жануды арттырады. Егер қолында ештеңе болмаса, жалынды түсіру үшін жанып жатқан адамды жерге аунату керек;

– егер осындай жағдайда жалын арқылы өтуге мәжбүр болса, өзін-өзі қорғау мақсатында басты кез келген матамен немесе жоғарғы киіммен жабу керек және мүмкіндігінше үстіне су құю қажет;

– Түтін дәлізі, баспалдақ және т.б. арқылы қозғалуда, төмен қарай бұғу немесе еңбектеп шығу (төменгі жақта түтін аз) қажет. Адасқан жағдайда түтіннің тартылыс жағына шығу керек;

– Жану өнімдері құрамында уытты химиялық қосылыстардың 50-100 түрі (көгерткіш қышқылы, фосген, көміртегі тотығы және т.б.) бар, ал ауадағы оттегінің құрамы төмендейді. Демек өртке қарағанда, түтін мен ыс өте қауіпті. Тыныс алу жолдарына түтіннің түсуін болдырмау үшін кез келген матаны, киім жеңін сулап, бетке жабу керек;

10. Өртті сөндірумен бір мезгілде және мүмкіндік жағдай болғанда материалдық құндылықтарды эвакуациялауды ұйымдастыру. Құндылықтарды шығару адамдарды толық эвакуациялағаннан кейін жүзеге асырылады. Бірінші кезекте өрт қауіп төніп тұрған құндылықтар, сондай-ақ егер олар өрт сөндіру жұмыстарын күрделендіретін және өрттің таралу қаупін тудыратын тез тұтанатын зат болса, олар эвакуацияланады;

11. Өрт сөндіру бөлімінің өрт орнына келген кезде өрт сөндіру бөлімінің бастығына ғимаратта адамдардың болуын, өрттің шығу көзі, таралу жолдары, оны жою бойынша қолданған шаралар туралы барлық қажетті ақпаратты хабарлау қажет.

Әдіскер: *Жылысбаева Р*

Жылысбаева Р

Басқа әлеуметтік институттармен серіктестік

Кітапханамен байланыс

«Балдәурен» бөбекжай – балабақшасының меңгерушісі Г. Жанибекова және балабақша әдіскері Р. Жылысбаева жыл бойында мектеп кітапханашысы мен Сызған ауылдық кітапхана меңгерушісі Л. Аңшыбаевамен жыл бойы байланыс орнатып отырды. Балаларды үнемі кітапханаларға саяхатқа апарып отырды. Сызған ауылдық кітапхана меңгерушісі Л. Аңшыбаева «Біздің кітап» қолдан дайындалған кітап көрмесін ұйымдастырды.

Кітапхана — дүниеде ештеңе теңестірілмейтін білім бұлағының көзі. Қоғамның өсуі, адамзаттың өсіп-өркендеуі кітаппен тығыз байланысты. «Кітап — білім бұлағы» демекші, осынау білімнің тұнық та мөлдір бұлағынан шәкірттерді сусындатып, олардың рухани дүниесін молайтып, тағылымы мол тәрбие ошағына айналып отырған кітапхананың мектепте алар орны орасан зор..

Еліміздің азаматтары қазіргі заманға сай білімді, мәдениетті, өнерлі болуы қажет. Ол үшін терең білім, ғылым жаңалықтарын, өткен тарихымызды, өнерімізді білу үшін кітапты көп оқу керек.

Кітап – адам өмірінде маңызды роль атқарады. Ол елді, жерді сүйеге талапты, кішіпейіл болуға, мейірімділікке, төзімділікке баулиды. Кітап жаман әдеттерден аулақ болуға үйретеді. Кітапты біздің қоғамымыздың әрбір адамы күнделікті тұрмысында пайдаланады. Одан ақыл — кеңес, тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге алады. Кітап біздің рухани жан азығымыз.

Жас ұрпақтың санасында туған халқына деген құрмет пен мақтаныш сезім ұялатып, ұлттық рухты сіңіру, сондай-ақ ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, халықтың салт — дәстүрін аялай, ардақтай білуге тәрбиелеу кітаптың еншісінде.

Білімді ұрпақ – егеменді елдің берік тірегі. Біз білімді ұрпақ, білімді тұлға дегенде рухани жан — дүниесі бай, білім мен біліктілігі жоғары, талап-талғамы терең, салауатты өмір салтын дұрыс қалыптастырған тұлғаны айтамыз. Түбегейлі өзгерістерге бет бұрған жаңа қоғамда тек білімді болу, жеткіліксіз, сондықтан әрбір жеке тұлғаның бойында адамгершілік, ізгілік, кішіпейілділік, қайырымдылық, батырлық, отансүйгіштік, тағы басқа қасиеттер болу керек.

Ол үшін жас ұрпаққа тәрбие беруде ар-ұят, адалдық, рухани, адамгершілік, ізгілік мәселелерін қатар қою қажет.

Қазіргі таңдағы жан-жақты білім мен тәрбие берер мәдени орындардың бірі — мектеп кітапханасы. Кітапханалар сол оқу орындарындағы білімге ұмтылатын жас ұрпақтың, сондай-ақ ұстаздардың табылар жері.

Осы заманғы ақпарат құралдары дамыған, жаңа технологиялар заманында да кітап адамның ішкі дүниесіне, ой-өрісіне ықпал жасап, мұқтажын қанағаттандыратын, рухани азығы болып қала бермек. Бүгінгі оқушы ертенгі ел маманының еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін артуы, олардың бойында ұлттық намыс, отаншылдық, адамгершілік қасиеттерінің ұлғая түсуі жолында кітапхана қызметкерлері — халқымыздың қилы тарихын, өнегелі әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін,

мәдени мұраларын, әдебиет қазыналарын, тереңнен толғайтын сөз өнерін оқырмандарға кітап арқылы насихаттай білуі қажет. Ғылым мен білімнің негізі болып табылатын кітап пен білім ошақтары — бірінен-бірі ажырағысыз рухани қазыналар. Өйткені оқу-тәрбие үрдісіне кітаптың қосар үлесінің өлшеусіз екендігі ақиқат. Кітап-рухани прогрестің кепілі, ер мен елді, мемлекет пен мемлекетті жақындастырар, түсінкке бастар аса маңызды рухани фактор. Кітап — әлемдегі ұлы күш. Ол сананы нұрға бөлеуші. Кітапқа қызықтыру — білімге қызықтыру. Ата тарих пен ұлттық сананы қалыптастыру. Еліміз егемендік алып, тәуелсіз мемлекет болғалы кітап шығару ісі қолға алына бастады. Соның бір айғағы кейінгі жылдары «Мектеп», «Жазушы», «Алматыкітап» баспаларынан шыққан балаларға арналған көркем әдебиеттер мен мектеп кітапхана қорлары толықтырылып жасөспірімдердің кітапқа деген қызығушылықтары арта түсуде. Мектеп партасында отырған жасөспірімдер мен бүлдіршіндерді рухани байыту — кітапхананың төл ісі. Мектеп кітапханасы — мектептің жүрегі, бір бөлігі. Жаңа заман компьютер дәуірі болғанымен рухани азық іздеген, көзі ашық, көкірегі ояу әрбір адамның келер шаңырағы-кітапхана. Сондықтан да, мектеп кітапханасын — білім беру мекемелерінің ақпараттық орталығы деп айтамыз.

Әдіскер:



Жылысбаева Р

Әдістемелік кеңес

Тақырыбы: «Денсаулық сақтау технологиясын күн тәртібінде қолдану»

Адамның денсаулығы ол – барлық уақыттағы айтылатын көкейтесті тақырып. Денсаулықты дәрілермен емдеп қана сақтай алмаймыз. Басқа әдісі, ол – қозғалыс. Денешынықтыру жаттығулары – ұзақ өмір сүру үшін, жұмыс істеуге қабілетті сақтау негізінде, адам үнемі қозғалыста болу керек. Мектепке дейінгі балалардың психологиялық және денені шынықтыруды қалыптастыру негізі - жас бала кезден басталады. 7 жасқа дейінгі бала алдағы өмірінде қайталанбас дамудың үлкен жолын өтеді. Осы кезеңде ағзаның дамуы, жеке тұлға болып қалыптасу, мінезі, өзіне және айналадағыларға деген қарым-қатынасы қалыптасады. Бұл кезеңде балаларда салауатты өмір салты туралы білім, практикалық дағдыны қалыптастыру өте маңызды. Спорт және денешынықтыру сабақтарында жүйелі айналасу керектігін, саналы түрде қажеттену керек. Мектепке дейінгі мекеме балалардың денсаулығын дамыту, сақтауды барлық сабақтарда үнемі пайдалануды қамтамасыз ету қажет. Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау және шынықтыру бағытында әртүрлі формадағы жаттығулар бар. Қазіргі кезде жалпы оны – «денсаулықты сақтау технологиясы», - деп атайды.

Денсаулықты сақтау технологиясы, бұл жүйе - денсаулықты сақтаушы және түзетуші, сауықтырушы шара бала мен педагог, ата-ана мен бала, дәрігер мен бала байланысы арқылы жүзеге асады.

Негізгі міндет – баланы өзін-өзі басқаруға дайындау. Қажетті білім, білік, дағдыларын, белгілі бір әдеттерді бала бойына сіңіру.

Денсаулықты сақтау технологиясының мақсаты:

- Балалардың денсаулықты сақтау қажеттілігін қамтамасыз ету.
- Салауатты өмір салтына байланысты бала бойында білім, білік, дағдыларын қалыптастыру.
- Алған білімді күнделікті өмірде қолдануға үйрету.

Денсаулықты сақтау технологиясы әртүрлі іс-әрекетте қолданылады, олар:

1. Денсаулықты сақтау технологиясы
2. Салауатты өмір салтына үйрету технологиясы
3. Түзетушілік технологиялар

Балабақшада балалардың денсаулығын сақтау, тәрбиелеу және дамыту

үрдісінде педагогикалық жағдайлар жасалған. Олардың негізгілері : ойын формасындағы балалардың әртүрлі іс-әрекеттерін ұйымдастыру, сабақты дұрыс ойластырып өткізу, балаларды қажетті құралдармен қамтамасыз ету (ойыншықтар, ойындар, ойнауға қажетті заттар, жаттығулар). Бұл жұмыстар күнделікті тәрбиешілер, музыка жетекшісі және денешынықтыру инструкторымен бірлесе өткізіледі. Осы үрдістің қатысушылары тәрбиешілер, топта денсаулықты сақтау технологиясын тәжірибеде әртүрлі әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы балаларға орта жағдайын жасап, салауатты өмір салты дағдыларын үйретуге көңіл бөледі.

Денсаулықты сақтау технологиясы:

Динамикалық үзілістер балалардың шаршауына байланысты сабақ кезінде (2-5 минут) өткізіледі. Олар: көзге арналған жаттығулардың элементтері, сабақ түрлеріне байланысты тыныс алу, саусақ жаттығулары.

Қозғалмалы және спорттық ойындар денешынықтыру сабақтарының бөлігі ретінде күнделікті топсеруенде, топта (қозғалысы аз дәрежедегі ойындар) өткізіледі. Ойындар балалардың жас ерекшелігі мен өткізілетін орын, уақытқа байланысты таңдап алынады.

Релаксация. Балалардың психикалық денсаулықтарының бір қалыпты болуын, жағымды және жағымсыз эмоцияларды реттеуге өткізіледі. Біздің мақсатымыз-балалардың эмоцияларын сезініп және ісін қадағалауды басқару. Осы мақсатта тәрбиешілер ағзаның кейбір мүшелерін және жалпы ағзаны босаңсытуға арналған жаттығуларды қолданады. Жұмыс істеуде классикалық әуендер (Чайковский, Рахманинов), табиғат дыбыстарын қолдану. Балаларға бұл жаттығулар өте ұнайды, себебі онда ойын элементтері бар. Олар бұл босаңсуға арналған жаттығуларды тез үйренеді.

Саусақ гимнастикасы жеке балалармен немесе бір топ балалармен күнделікті жүргізіледі. Саусақ гимнастикасы ұсақ моториканы жаттықтырады, сөйлеу тілін дамытады, ойлау, зейін аудару, қан айналысын жақсартып, тез реакцияға жаттығады. Әсіресе, тіл мүкістері бар балаларға пайдасы мол. Кез келген ыңғайлы уақытта өткізуге болады.

Көзге арналған жаттығуларын кез келген бос уақытта өткізуге болады. Ол көз бұлшықеттерінің шаршауын тынықтыруға, қан айналысына көмегін тигізеді. Бұл жаттығуларды өткізгенде педагог көрнекілік арқылы өзі көрсетіп отырады.

Тыныс алу гимнастикасы денешынықтыру-сауықтыру жұмыстарында әртүрлі формада өткізіледі. Балалардың барлық ағза тканьдарында оттегі алмасу белсендіріледі.

Тыныс алу гимнастикасынан басқа, **нүкте массажы** қолданылады. Ол мұрын, бронхы, трахея, жұтқыншақ және т.б. ағзалардың қорғаныс қасиеттерін көтереді. Нүкте массажын жасау арқылы ағза өзі «дәрі» шығара бастайды. Ол жай дәріден қауіпсіз, тиімді. Ағзаның тұмауға қарсы күресуін жоғарлату, жоғарғы тыныс алу ауруына қарсы тұруын, бетке, кеудеге, көкірек клеткаларына массаж жасау арқылы іске асырамыз. Ішкі ағзаның іс-әрекетін реттейтін -массаж.

Сергіту гимнастикасы Күнделікті ұйқыдан кейінгі сергіту гимнастикасы өткізіледі. (5-10 мин) Бұл кешенге төсектегі ояну, жалпақ табандылықты түзететін жаттығулар, денені дұрыс ұстап тік жүру, жуыну жатады.

*Денсаулықты сақтау технологиясы бірінші кезекте валеологиялық мәдениетті тәрбиелеу технологиясы немесе балалардың денсаулық мәдениеті. Технологиялардың мақсаты - балалардың денсаулыққа және адам өміріне саналы түрде қарауы, денсаулық туралы білімдерін толықтыру. Басқа сөзбен айтқанда, «үлкен өмірдің» табалдырығын аттарда денсаулықты сақтау технологияларын қолданса, біз нәтижеге қол жеткіздік деуге болады.

Салауатты өмір салтына үйрету технологиялары:

Таңертеңгі жаттығулар күнделікті музыканың сүйемелдеуімен өткізіледі. Музыка әрбір жаттығуға ойналады. Балалар да ырғақты сезінуі дағдысы мен білігі қалыптасады.

Денешынықтыру сабақтары бағдарламаға сәйкес өткізіледі. Олар қозғалу жаттығуларын жасай білу дағдыларына бағытталған. Күнделікті денешынықтыру сабақтары ағзаны шынықтырып, қорғаныс сезімін көтеруге жағдай жасайды.

Өзіне-өзі массаж жасау —бұл массажды бала өзі жасайды. Ол қан айналысты жақсартады, ішкі ағза жұмыстарын қалыпқа келтіруге көмектеседі, сымбатты болуға жағдай жасайды. Денені ғана емес, психиканы нығайтуға көмегі бар. Өзіне-өзі массаж жасау 5 минуттық динамикалық үзіліс ретінде ойын формасында өткізіледі. Көңілді такпақтар, жарқын бейнелер, массажды қозғалыстарды әртүрлі жағдайда қолдану балаға қызықты, қарапайым және қолжетімді.

Белсенді демалыс. Бос уақытты өткізу, мерекелерде, әртүрлі жарыстарда қозғалмалы жаттығуларды қызығушылықпен орындайды, себебі олар өздерін сабақтағыдай емес еркін ұстайды. Сол себептен өзіне тән әртістік көрініп, қозғалыстарында эстетика көрінеді.

Түзетушілік технологиялар:

Артикуляциялық гимнастика – артикуляциялық ағзаға арналған жаттығулар (ерін, тіл, астыңғы жак), дыбысты дұрыс айтуға, түзетуге арналған жаттығулар.

Музыканың әсері технологиясы. Музыка балаларға қатты психологиялық әсер етеді. Нерв жүйесінің калпына әсері бар (тыныштандырады, босаңсытады немесе керісінше, қоздырады), әртүрлі эмоциональді жағдайды тудырады. Осыған байланысты біз және біздің балалар қандай музыка тыңдап жүргенімізге көңіл бөлуіміз қажет. Музыка әуені, ырғағы, дауыс ерекшеліктері баланың психикалық жағдайына қаншалықты әсері барына назар аудару, естен шығармау. Балабақшада оқу іс-әрекетінде музыканың сүйемелдеуімен сабақ өткізуді кеңінен қолданады. (бейнелеу өнері, құрастыру, айналамен таныстыру, т.б., сабақтарда)

Ертегі терапиясы – психотерапиялық дамытушылық жұмыстарда қолданады. Ертегіні тәрбиеші айтып беруі немесе топтық әңгімелеу болуы мүмкін. Ертегіні оқып қана қоймай, оны балалармен бірге талдаймыз. Балалар қуыршақ театрында, рөлдерде ойнап өздерін ертегі кейіпкері ретінде көрсетеді. Балалар ертегіні құрастырады, аяқтайды, бұл – ертегі терапиясы деп аталады. Ертегіні құрап айту арқылы балалардың ішкі уайымын (олар кейбір нәрселерді саналы түрде әлі түсінбейді, үлкендерге айтуға жасқанады) білуге болады.

Әрбір қарастырылған технологиялар денсаулықты сауықтыруға бағытталған. Қорыта айтқанда, денсаулықты сақтау технологиясын кешенді қолдану балада салауатты өмір салтының дағдыларын қалыптастырады.

Балабақша мен отбасы арасындағы сенімді іскерлік қарым-қатынас орнату – екі арадағы байланыс негізінде педагог және ата-аналардың сабақтастығы тәрбиелеуде қателік болса, түзетуге септігін тигізеді. Егерде отбасымен бірлесе жұмыс істемесе, қандай дене шынықтыру-мәдени-сауықтыру бағдарламасы болмасын, нәтижесі болмайды. МДМ және отбасында денсаулықты сақтау технологиясын ұйымдастыруда, әртүрлі формадағы жұмыс түрлерін қолданамыз: ата-аналар үшін балалармен ашық сабақтар; ата-аналар жиналысында педагогикалық әңгіме жүргізу; кеңестер; ашық есік күні; мерекелерге ата-аналардың дайындалуға, өткізуге көмегі; сауалнама алу. Көрнекі стендтер- ата-аналарды топ өмірімен таныстырады, жылжымалы ата-аналар бұрышынан-балалардың жас және физиологиялық ерекшеліктері туралы кеңінен мәліметтер алуға болады.

Денсаулықты сақтау педагогикалық технологиясын қолдану тәрбие-білім беру үрдісінің нәтижесін көтереді. Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау, нығайтуға бағытталған - ата-аналар мен педагогтар жұмысы алға ұмтылуға бағдарланады. Балада салауатты өмір салтына деген танымдық қызығушылығы тұрақтанады.